Көлік жүйесінің жағдайы кез келген қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады, ал елді мекен неғұрлым үлкен болса, оның мәні соғұрлым жоғары болады. Қазіргі заманғы қалаларды жоспарлау құрылымында көлік инфрақұрылымы қалалық ортаның басқа элементтері дамытын негіз болып табылады: тұрғын үй кешендері, өндірістік аймақтар, әлеуметтік нысандар, т.б. (Gössling, 2016). Қала микроаудандарының көліктік байланысы, қоғамдық жолаушылар көлігі жүйесінің жай-күйі халықтың өмір сүру жайлылығына тікелей әсер етеді. Көлік жүйесіндегі жағдайдың сипаттамасы ретінде көлікпен қамтамасыз ету қалалық ортаның сапасын бағалаудағы негізгі факторлардың бірі. Бұл басқа компоненттерге де әсер етеді: өйткені ол адамның қажеттіліктерін жүзеге асыруға күн-

делікті уақыт шығындарын анықтайды және көбінесе оларды шектейді (Yannis, Chaziris, 2022). Көлікпен қамтамасыз етуді тікелей зерттеумен қатар, ол туралы ақпарат әлеуметтік-экономикалық бағыттағы қолданбалы зерттеулерді жүргізу кезінде маңызды материал болып саналады: әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін орналастыруды оңтайландыру, маркетингтік және басқа да бизнес-зерттеулерді ұйымдастыру. Көлікпен қамтамасыз ету жылжымайтын мүлік нарығының көптеген сегменттерінің серпінді дамуында, тауарлар мен қызметтерді сатудың әлеуметтік-коммерциялық инфрақұрылымы объектілерін орналастыруды оңтайландыруда маңызды рөл атқарады (Волкова, т.б., 2022).

Қалалық қоғамдық көлік ірі қаланың кеңістігін қалыптастырады. Тұрғындар пен қоғамдық көліктің өзара іс-қимылы – қала жұмысының маңызды көріністерінің бірі. Бұл өзара әрекеттесу-

ді зерттеу қаланы дамуын ұтымды жоспарлауға, қалалық аумақты және қалалық қоғамдық көлікті басқаруға мүмкіндік береді. Көлік желісі – желілік (магистральдық көшелер мен жолдардан) және тораптық элементтерден (аялдама пункттерінен және көлік желілерінің қиылыстарынан) тұратын көлік қаңқасын қалыптастырудың негізі болып табылады. Көлік желісінің ерекшеліктері көлік қаңқасының құрылымын және аялдама пункттерінің таралуын анықтайды, бұл қала тұрғындарына, оның тіршілігіне тікелей әсер етеді. Сондай-ақ, көлік желісінің қалалық қоғамдық көлік маршруттарының орналасуына және көліктің қолжетімділігіне де ықпалы зор. Маршруттардың сапарлар жасау мүмкіндігі мен қала аудандары арасындағы көлік байланысының баламалылығынан тұратын көліктік қызмет көрсету деңгейі көлік желісінің сипаттамаларымен үйлесімді дамиды. Қалалық қоғамдық көлік жылжымалы құрам бірліктерінің санына, оның қозғалыс қарқындылығына, ал көліктік қызмет көрсету жылжымалы құрамның эргономикалық сипаттамаларына, оның сыйымдылығына байланысты (Уткин, 2008).

Жолаушылар тасымалы саласындағы ең өзекті мәселелерге автобустардың қанағаттанарлықсыз жағдайы, кестенің бұзылуы және қызметкерлердің кәсібилігі жатады. Қазақстандағы көлікті жақсы жұмыс істейтін жүйе ретінде емес, тасымалдау моделі ретінде сипаттауға болады. 1990 жылдары құрылған жүйе реформалауды қажет етеді. Негізгі қадамдар автобус паркін жаңартуды, маршруттық желіні оңтайландыруды, жолаушылар ағынын есепке алудың ашық әдістерін енгізуді және қоғамдық пайдалану үшін қолайлы жағдайлар жасауды қамтуы тиіс. Көлік инфрақұрылымын тиімді басқару жолаушылар тасымалы жүйелерінің үздіксіз жұмысын, тиімділігін және тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін маңызды. Инфрақұрылымды басқарудың сенімді жүйесін дамыта отырып, көлік органдары қол жетімділікті жақсарты алады, тиімділікті арттырады, еңбекті қорғауды қамтамасыз етеді, экологиялық мәселелерді шешеді және негізделген жоспарлау мен шешім қабылдауды жүзеге асырады (Śleszyński, т.б., 2023; Rasca, Saeed, 2022).

Ірі қалалардағы көлік жүйесінің негізгі орнын түсіну көлікті жоспарлау процесінде жүйелік тәсілді қолданудың қажетті алғышарты. Бұл мұнда қандай жүйелер мен көлік түрлері жұмыс істейтініне, олардың қалалық коммуникация жүйесіне тікелей әсеріне, сондай-ақ олардың

қалаға ұзақ мерзімді, басқаша айтқанда, қалалық орта мен өмір сапасына қалай әсер ететініне қарай реттеледі. Көлік жүйелерінің функцияларын, сондай-ақ олардың қалаларда атқаратын рөлін ең жалпы сипаттаудан осы жүйелерге қойылатын негізгі талаптар туындайды. Бір жағынан, көлік жүйесі адамдар мен тауарларды тасымалдаудың тиімді қызметтерін ұсынуы керек; екінші жағынан, көлік басқа қызмет түрлерімен және қызметтермен функционалды интеграцияланған қаланың құрамдас бөліктерінің бірі болады. Көлік инфрақұрылымы қала экологиясын және оның тұрғындарының өмір сүру сапасына зиянын тигізбеуі үшін оны тиімді қалыптастыруды қажет етеді (Javanmard, т.б., 2023).

Қалалық көлік жүйесінің негізгі көрсеткіштері ретінде ұйымдастыру және қозғалыс қауіпсіздігін; жолаушылар мен жүк тасымалы көлемінің көрсеткіштерін; қоғамдық және жеке көлікті пайдалану жиілігінің арақатынасын; қоршаған ортаға әсер ету көрсеткіштерін бөліп көрсетуге болады. Қалалардың көлік жүйелеріне қойылатын негізгі талаптарға мыналар жатады (Рамазан, Нохатов, 2023):

- қозғалыстың жүйелілігі мен сенімділігі;
- уақыт шығындарын азайту;
- жолаушылар қауіпсіздігі;
- ресурстарды ұтымды пайдалану;
- техникалық және экономикалық тиімділік;
- сәулет-жоспарлау және экологиялық талаптар.

Көлік инфрақұрылымы тек жолдарды, көпірлерді және басқа да жол құрылыстарын, автотұрақтарды, ақылы тұрақ аймақтарын ғана емес, сонымен қатар қалалық қоғамдық көлік паркін және онымен байланысты құрылыстарды да қамтиды. Осылайша, көлік инфрақұрылымын пайдалану қызметтердің тұтас кешені болып саналады. Көлік инфрақұрылымын пайдалану маршруттық желіні қалыптастыруды, қоғамдық көлік жұмысының материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етуді, жол жүру тарифтері мен жеңілдіктерді айқындауды көздейді (Zhao, Hu, 2019).

Әрбір автокөлік кәсіпорнында өндірісті ұйымдастыру мен жоспарлаудың негізгі міндеті көлік жұмысын барынша арттыру және жолаушылар тасымалы арқылы халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында барлық ресурстарды ұтымды үйлестіру және пайдалану болып табылады (Kraft, т.б., 2022). Қазақстанның кез-келген қаласында көлік мәселесін сәтті шешу үшін ұйымдастырушылық шаралар қажет.

Бұл іс-шараларға қаланың көше-жол желісінің өткізу қабілетін арттыру, жол жүру уақытын азайту бойынша ұсыныстар кешені, жаңа көлік объектілерін салу және қолда бар көлік объектілерін реконструкциялау, қалалық маршруттардағы жолаушылар ағынын тексеру, қаланың көлік инфрақұрылымын кешенді жаңғырту, т.б. кіреді. Қазіргі жағдайда экономиканың одан әрі дамуы жақсы жолға қойылған көліктік қамтамасыз етусіз мүмкін емес (Сидоров, Ситников, 2021; Малышева, 2020).

«Ақтөбе қаласын дамытудың 2021-2025 жылға дейінгі орта мерзімді келешектік даму» бағдарламасын әзірлеу кезінде ауқымды жұмыс жүргізілді-қолданыстағы стратегиялық жоспарлар зерделенді, қала өмірінің барлық салаларындағы ахуал талданды, тұрғындардың мыңдаған өтініштері өңделді. Нәтижесінде әкімдік пен тартылған сарапшылар даму бағдарламасының негізгі мақсаттарын анықтады – бұл Ақтөбеде жайлы қалалық орта құру.

Ақтөбе қаласының басты проблемасы – жол желісі мен оның өткізу қабілеті. Қалада көлік кептелісі болмау үшін немесе оны азайту мүмкіндіктері жол айрықтары, айналма жолдар салу қажет; кейбір жағдайларда көшелердің жүру бөлігін кеңейту мәселесі туындайды, ал бұл өте қиын. Жол желісінің жай-күйін ескере отырып, көліктің жылжымалы құрамының түрін таңдау керек. Жаппай автокөлік жүргізу көліктің жұмысын қамтамасыз ететін сервистік қызметтердің үлкен кешенін құру қажеттілігін тудырады. Қала аумағында жеке көлік тұрақтарын ұйымдастыру, қала орталығында ұжымдық гараждар, оның ішінде көпқабатты үйлерде гараждар салу күрделі мәселе болып отыр. Кейбір жаңа тұрғын үйлерде бірінші қабаттар мен жертөлелер гараж ретінде жобаланған, бұл тұрғындарға ыңғайлы.

Қазіргі маңызды аспектілердің бірі – үздіксіз трансферттерді қамтамасыз ету және үшін әртүрлі көлік түрлерін бір жүйеге біріктіру. Жолаушылардың қауіпсіздігі де маңызды, оған бағдарламалар, жаяу жүргіншілер өткелдері, теміржол өткелдеріндегі шлагбаумдар және т. б. енгізу арқылы қол жеткізіледі. Тұрақты техникалық қызмет көрсету және уақтылы жаңарту көлік инфрақұрылымы апаттар қаупін азайтады және оның жұмысын оңтайландырады. Интеллектуалды технологиялар мен автоматтандыруды енгізу жолаушыларға қызмет көрсету сапасын, кідірістерді азайту және операциялық тиімділікті арттыруды жақсарта алады. Қоғамдық көлік, велосипедпен жүру және жаяу жүргіншілер аймақ-

тары сияқты тұрақты тасымалдау нұсқаларын ынталандыру және инфрақұрылымды дамыту кезінде экологиялық таза технологиялар мен материалдарды пайдалану шығарындыларды азайтуға көмектеседі (Cao, Shahraki, 2023).

Көлік мәселелерін шешудің талқыланған тәсілдері айтарлықтай ерекшеленеді. Кейбір елдерде қалалардың өсуімен үйлестірілген жалпы логистикалық көлік саясаты жүргізілсе, басқаларында көбінесе мүдделер мен мақсаттардың қақтығысына әкелетін қарсы шаралар қабылданады (Lovelace, 2021). Қалалар мен автомобильдердің қарым-қатынасын анықтайтын үш негізгі саяси бағытты бөлуге болады. Біреуі дәстүрлі қаланы қолдауға, екіншісі жеке көліктерді барынша пайдалануға бағытталған. Осы екі полюстің арасында қаланың шекараларында қозғалыс қажеттіліктерімен оңтайлы қарым-қатынас орнатуға бағытталған шаралардың кең орта тобы жатыр. Көлік саясатының осы үш бағытын келесідей анықтауға болады:

1. Көлік қозғалысын қалаға кедергі келтірмейтіндей етіп шектеу;
2. Автокөлік қозғалысын мүмкіндігінше ыңғайлы ету үшін қала жолдарын қайта құру;
3. Қаланың және оның біртұтас интермодальды көлік жүйесінің өзгеру процестерін үйлестіру.

Тұрақты дамуға көшу контекстінде қоршаған ортаға ең аз әсер ететін тұрақты жұмыс істейтін көлік жүйелерін қалыптастыру маңызды. Осыған байланысты зерттеу мақсаты – Ақтөбе қаласындағы көлік жүйесінің даму бағыттарын сипаттау және қалалық ортаны дамытудың көліктік-инфрақұрылымдық жағдайларын саралау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығының элементтері Ақтөбе қаласындағы көлік жүйелерінің жұмысын бағалау, сондай-ақ олардың тұрақты дамуға көшуіндегі кедергілерді анықтау.

Зерттеудің гипотезасы келесідей болды: Ақтөбе қаласының көлік инфрақұрылымын дамыту күрделі сипатқа ие әрі ол көптеген факторларға тәуелді. Оларды анықтау және бағалауда қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, оны қолданудың тиімділігін зерттеуді қамтамасыз ететін әдістерді әзірлеу мен жетілдіруді талап етеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Экономикалық, әлеуметтік және саяси қызметтің күрделі жүйесі болып табылатын қалалардың табиғатын ескере отырып, қалалық қыз-

меттің күрделі құрылымын түсіну және оның болашақ кеңістіктік дамуын болжау үшін көптеген әртүрлі зерттеу тәсілдері қолданылды. Әдістемелік тұрғыдан алғанда, халық пен қалалық қоғамдық көліктің өзара әрекеті географиялық әдебиеттерде толық ашылмаған. Қазақстандық зерттеулердің басым көпшілігі Алматы, Астана қалаларының көліктік инфрақұрылымдарын зерттеуге арналған (Кенеспаева, т.б., 2023; Молгаждаров, Базарбекова, 2017; Сорокина, 2014).

Зерттеу тиімді және бәсекеге қабілетті көлік инфрақұрылымын, транзит пен көлік қызметтерін дамыту, сондай-ақ көлік-коммуникация кешенінің жұмыс істеуінің технологиялық және институционалдық ортасын жетілдіру негізінде Қазақстанның 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары әрі қарай экономикалық өсуге және Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру деңгейін арттыруға жәрдемдесуге негізделген бағдарламаға сәйкес орындалды (Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы).

Көлік жағдайын жақсарту Қазақстанның көптеген қалаларында, соның ішінде Ақтөбеде де өңірлік саясаттың мақсаттарының бірі болып табылады. Қазір Ақтөбенің көлік торабын дамыту бағдарламасы аясында қаланың көлік мәселелерін шешуде қоғамдық көліктің рөлі артып келеді. Мәселелердің барлығында халықтың қауіпсіздігін бағалау үлкен маңызға ие. Геоақпараттық және картографиялық әдістерді қолдана отырып, мұндай зерттеулердің танымалдылығының өсуі келесі факторларға байланысты: геоақпараттық жүйелер, модельдеу технологияларының дамуы мен қол жетімділігінің артуы; жаһандық навигациялық жүйелерді пайдалану; кеңістіктік деректердің жаңа әрі жалпыға қолжетімді көздерінің пайда болуы. Зерттеуде ГАЗ әдісі қолданылып картосхемалар құрастырылды.

Қазіргі жағдайда қалалардың ауқымды зерттеулерінің оның ішінде, әкімшілік-аумақтық бөліну ерекшеліктерін, халықты орналастыру сипатын, көлік жүйесін ұйымдастыру және жұмыс істеу ұстанымдарын ескере отырып, халықтың қоғамдық көлік қызметтерімен қамтамасыз етілуін бағалаудың ғылыми негізделген әдістемесін әзірлеу маңызды. Әдістемені қалыптастыру және енгізу ағымдағы міндеттерді шешудің кешенділігін ғана емес, сонымен қатар көлікпен қамтамасыз етуді зерттеудің жаңа бағыттарын бастауға және дамытуға мүмкіндік береді.


Қазіргі уақытта Ақтөбе қаласында урбандалу процесі белсенді жалғасуда. 2021 жылдың басында халық саны Ақтөбе қаласының шегінде (оның ішінде 39 кент Қарғалы, Магадан, Жаңақоныс, 41 разъезд және т.б.) 512,4 мың адамды құрады. Жалпы жоспарда аумақты қалалар ауылдық округтердің жерлері және елді мекендердің қалаға қосылуы есебінен кеңейту көзделген (Ақтөбе агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын бекіту туралы, 2018). 2022 жылы халық саны 556,1 мыңға дейін өсті. Бұл қоғамдық көлік жүйесіне жүктеменің өсуіне, ал екінші жағынан, жеке көліктер санының көбеюіне әкеледі. Сонымен бірге кептелістердің пайда болуы, қоршаған ортаға теріс әсердің артуы секілді мәселелер маңызды орын алып отыр.

Зерттеудің әдіснамалық базасы кешенді және жүйелі тәсілдерге, экономикалық-статистикалық әдістерді, сондай-ақ салыстырмалы талдау, жалпылау және синтез әдістерін қолдануға негізделген. Жұмыстың эмпирикалық негізі Ақтөбе қаласы тұрғындарының қала ортасы жағдайларын бағалау бойынша алынған сауалнама деректері болды. Сауалнамаға қатысқан қала тұрғындарының жас ерекшеліктері 18 жастан 75 жасқа дейінгі аралықты қамтыды. Сауалнамаға 501 адам қатысты (1-кесте).

1-кесте – Респонденттердің жауаптарын іріктеу туралы толық ақпарат (N = 501)

Сипаттамалары	Пайыз
Жынысы:	
Ер	59,4
Әйел	40,6
Жасы:	
Жастар, студенттер (18–34)	34
Орта жастағы адамдар (35–54)	36
Егде жастағы адамдар (≥ 55)	30
Білімі:	
Орта негізгі	57,7
Жоғары	42,3

Қалалардың әртүрлі бөліктерінде тұру ерекшеліктерін анықтау үшін олардың аумағы бірнеше шағын аудандарға бөлінді. Ақтөбенің қалалық ортасын дамытудың көліктік-инфрақұрылымдық жағдайларын бағалауда 8, 11, 12 микроаудандар, Батыс, Сазды, Бауырластар, Жаңақоныс, Қарғалы, Қызылжар, т.б. аудандарда тұратын тұрғындардан сауалнама алынды (1-сурет).



1-сурет – Сауалнама алынған Ақтөбе қаласы мен оның маңындағы елді мекендер

Сауалнама сұрақтары 1-10 ұпай беру арқылы бағаланды. Жұмыстың соңғы бөлігінде контент-талдау әдісін қолдана отырып, Ақтөбе қаласының жергілікті өзін-өзі басқару органдары көлік жүйелерінің тұрақты дамуға көшуі үшін жүзеге асырылатын бірқатар шаралар мен құралдар анықталды.

Зерттеудегі 2018 жылғы сауалнама деректері Ақтөбе қалалық әкімшіліктің қала ортасын зерттеуге орай жүргізілген жұмыстарынан алынды (Ақтөбе қаласының 2016-2020 жылдарға арналған Аумақтық дамыту бағдарламасы). Ақтөбе қаласының аумағы 2015 жылдан бері қарқынды түрде ұлғаюда. Осыған орай қала орталығы мен қаламаңында қоғамдық көлік және көлік кептелісі мәселелері көтеріліп келеді.

Аталған мақсатқа жету үшін жұмыс барысында келесі міндеттер қарастырылады:

1. Көлік жүйелері мен олардың қала тұрақтылығына ықпалының теориялық мәселелері қаралды;

2. Тұрғындардың әлеуметтік сауалнамасының деректері негізінде Ақтөбе қаласының көлік жүйесінің жұмысына халықтың қанағаттанушылығына баға берілді;

3. Қалалардың көлік саласын дамыту проблемалары және жергілікті өзін-өзі басқару органдары іске асыратын оларды еңсеру жөніндегі шаралар анықталды.

Зерттеушілер жиі қолданатын және белгілі бір қаланың көлік жүйесінің жұмысын бағалауға мүмкіндік беретін әдістердің бірі – оларда тұратын халықтан тікелей сұрау (Абилов, т.б., 2017; Секушина, Пахнина, 2023). Бұл әдістердің басты артықшылығы – олар қоғамдық көлік саласындағы кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге қалалардың көлік жүйелерінің жұмысын бағалауда кешенді тәсілді қолдану өте маңызды, өйткені халықтың пікірі өте субъективті, өйткені адамдар негізінен қалалық көлік пен инфрақұрылымның тиімділігі тұрғысынан емес, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру тұрғысынан ғана талқылайды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Қалалық көлік жүйесінің маңызды сипаттамалары – бұл қала шекарасындағы көше мен жол желісінің құрылымы мен жағдайы. Ақтөбеде қаланың орталық бөлігіндегі көлік инфрақұ-

рылымына жоғары жүктеме қазіргі көкейкесті мәселе. 2015-2022 жылдар аралығында қалада жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 651-ден 831 км-ге дейін өсті (Аймақтық Бағдарлама 2021-2025 жылдарға арналған Ақтөбе қаласын дамыту, 2021). 2020 жылғы мәліметтер бойынша жолдардың 46,1%-ы қатты жабынға ие. Қалада көрсеткіштердің оң динамикасы байқалмайды. 2023 ж. Ақтөбеде ұзындығы 48 км жолдарды, көшелерді жөндеу және салу бойынша 30 жобаны аяқтау жоспарланды. 30-дан 17 жоба – жаңа, ал 13 жоба 2022 жылдан қалған өтпелі жоба. Жоба бойынша Ә. Молдағұлова даңғылы, Есет батыр, Сәтбаев, Тәуелсіздік көшелеріндегі жолдар қайта жаңартылып, Ақтөбе-Орск тас жолына дейінгі Ақжар-2-ге баратын көпір жолы аяқталды. Осы іс-шараларды іске асырудың негізінде қалада жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының үлесі төмендеді.

Ақтөбе тұрғындарынан алынған сауалнама нәтижелері аталған іс-шараларды іске асыру елді мекендердің көлік жүйесінің проблемаларын шешуге едәуір дәрежеде ықпал етеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. 2018 жылы ақтөбеліктердің 89%-ы тротуарлар мен жаяу жүргіншілер жолдарының нашар жағдайын маңызды проблема деп санаса, 2023 жылы респонденттердің 61%-дан астамы ғана осындай пікірде болды. Қала жолдары мен көлік инфрақұрылымының сапасын бағалай отырып, тұрғындар автожанармай құю станцияларымен (10 ұпайдың 9,4-ын), жаяу жүргіншілер жолдарымен, бағдаршамдармен (7,5 ұпай), жолдарды жайластыру, жабдықтау, жол белгілері, қоршаулармен (6,3 ұпай) қамтамасыз ету деңгейіне баға береді. Керісінше автобус аялдамаларының сапасына (5,3 ұпай), жол төсемінің тегістігі (4 ұпай), сондай-ақ жолдың өткізу қабілеті мен жүктеме деңгейі (5,2 ұпай) төменгі бағаға ие болды (2-сурет).




2-сурет – Ақтөбе қаласы мен оның маңындағы елді мекендердегі тұрғындардың қала жолдарының сапасын бағалауы (сауалнама қорытындысы бойынша құрастырылған)

Қалада автобустар жолаушылар тасымалында басты орын алады. Басқа көлік түрлері қарастырылмаған. Қала көлемі үлкейген сайын қоғамдық көлікпен қала тұрғындарын қамтамасыз ету қиын. Қаланың экологиялық жағдайының нашарлауына да троллейбус, трамвай секілді көлік түрлерін дамытпауы кері әсер етеді. Қаладағы автобус маршруттарының жалпы саны – 53 бірлік. Қала аумағында жолаушыларды тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсетумен 4 автопарк айналысады. Ақтөбе автобусы – төрт ұйым қызмет көрсететін Ақтөбе қаласының автобус маршруттарының желісі (“Автопарк”, “Табыс Ақтөбе”, “Qala Trans” және “Ақжайық автопарк”). Қалалық автобустар желісі қала аумағын ғана емес, қаламаңын және саяжай массивтерін де қамтиды.

Бірінші автобус желісі 1927 жылы Ақтөбеде іске қосылды және автобус 1982 жылға дейін

Ақтөбе троллейбусы іске қосылғанға дейін қоғамдық көліктің жалғыз түрі болды. 2000 жылдары қаладағы троллейбустар саны жыл сайын азайып, 2013 жылы троллейбус паркінің жұмысы тоқтатылды. 2021 жылы көлік компанияларының кірістерін ұлғайтуға мүмкіндік беретін қолма-қол ақшасыз төлем жүйесі толығымен енгізілді. Бұл инвесторлар үшін қолайлы жағдай туғызды және Ақтөбеде басқа қалалардан тасымалдаушылар жұмыс істей бастады: Алматыдан “Qala Trans” 2021 жылы, Атыраудан “Ақжайық автопарк” 2022 жылы келді. Сөйтіп бәсекелестік пайда болды, тасымалдаушылар жаңа автобустар сатып алып, тасымалдау сапасы жақсара бастады.

Респонденттердің 51%-ы автобустарды қала бойынша қозғалу үшін пайдаланады. Жеке көлікті 36%-дан астамы, негізінен тұрғындардың тек 11%-ы ғана жаяу жүреді, ал 1,3%-ы такси қызметіне жүгінеді (3-сурет).



3-сурет – Респонденттер қолданатын негізгі көлік түрлері (Ақтөбе қаласы мен оның маңындағы елді мекендерден алынған сауалнама қорытындысы бойынша құрастырылған)


2023 ж. қала тұрғындарының қоғамдық көлік жұмысына қанағаттану деңгейі айтарлықтай өсті. Мысалы, егер 2018 жылы тұрғындардың тек 37,8%-ы көліктің техникалық жарақтандырылуына (тұтқалардың, аялдамаларды автоматты түрде жариялау жүйесінің, арбаларға арналған орындардың болуы) қанағаттанса, 2023 жылы – 72,7% болып отыр. Жылжымалы құрамды жаңарту аясында қалалық маршруттарға

жаңа автобустар берілді. Респонденттердің 57%-ы автопаркті жаңарту, қоғамдық көлік қызметтерінің сапасын арттырудың бірінші кезектегі шараларының бірі деп санайды.

Қаланың қоғамдық көлігінің жұмысына қатысты және азаматтардың қала бойынша жүру тәсілдерін таңдауына әсер ететін маңызды аспектілердің бірі – тарифтік саясат. 2018-2023 жылдардағы қоғамдық көліктегі жол жүру құ-

нының динамикасын талдау барысында жол ақысының бірнеше есе өскенін байқауға болады. Ақтөбе қаласында 2018 жылдан бастап қалалық қоғамдық көлікте жол жүру құны картамен 80 теңгені, қолма-қол 150 теңге құрайды, ал бұған дейін автобустен жүру ақысы 55 теңге болды. Бұл ретте тасымалдаушылар жақын арада сервисті жақсарту бойынша бірқатар шарттарды орындауға міндеттелді. Мәселен, 2019 жылға дейін барлық автобустарда электрондық билеттеуді енгізу, GPS-навигаторларды орнату, жұмыстағы барлық кемшіліктерді жою. Бірақ осы салада әлі біраз жасалатын шаралар бар екендігі тұрғындар сауалнамасынан анықталды. Марш-

руттар желісін кеңейту (72%), сондай-ақ жолаушылар үшін үшін аялдамалардың жайлылығын арттыру (89%) және қоғамдық көлікте жүруге арналған көлік карталарының қозғалысын бақылау үшін оларды электрондық тақталармен жаратандыру проблемасы аса өзекті емес. Қалада 2021 жылы 100-ге жуық қоғамдық көлік аялдамасы жөнделді, бірақ ол қала тұрғындары үшін жеткіліксіз деп саналады. Алынған сауалнама қорытындылары бойынша тұрғындардың басым көпшілігі қаламаңына қатынайтын автобустардың аздығын, аялдамалардың жайсыздығын, қоғамдық көлік желісін көбейтуді көрсеткен (4-сурет).




4-сурет – Қоғамдық көлік қызметтерінің сапасын арттыру мақсатында қала тұрғындарына ұсынылған сауалнама жауаптары, (пайызбен)

(Ақтөбе қаласы мен оның маңындағы елді мекендерден алынған сауалнама қорытындысы бойынша құрастырылған)

Сауалнама қорытындылары мен авторлардың зерттеулері бойынша қоғамдық көлікпен қамтамасыз етілу деңгейі 5-суретте берілген. Қаламаңына қатынайтын автобустар көлемі шағын әрі таңғы, кешкі уақытта адам санының көптігінен қиындықтар туындайды. Қоғамдық көлікпен

қала орталығы ғана қажетті деңгейде қамтамасыз етілген. Сазды, Жаңақоныс, Қызылжар, Ақжар секілді аудандар орташа, ал Қурайлы, Қарғалы, Пригородное, т.б. қалаға қатынап жұмыс жасайтын тұрғындар үшін әлі де қоғамдық көлік желісімен қамтамасыз етілу деңгейі төмен.



5-сурет – Ақтөбе қаласы мен оның маңындағы елді мекендердегі қоғамдық көлікпен қамтамасыз етілу деңгейі (авторлардың құрастыруымен)



6-сурет – Ақтөбе қаласының көшелеріндегі көлік кептелістері

Қаланың микроаудандарының байланысын арттыруға және автомобиль кептелістерінің санын азайтуға кедергі келтіретін Ақтөбе қаласының проблемаларының бірі – қолданыстағы жол инфрақұрылымына, атап айтқанда көпірлерге жоғары жүктеменің болуы. Қаланың орталық бөлігін теміржол магистралі екіге бөліп тұр, бұл Заречный, Орталық және Батыс аудандарына қол жетімділікті қиындатады. Осы мәселені шешу үшін қала билігі жаңа көпірлер, көшелер мен жол айрықтарын салу есебінен қаланың орталығындағы көлік кептелісі мәселесін шешкісі келді. 6-суреттен қаладағы көлік кептелісінің сызбасын көреміз.

Қаланың тарихи өзегі негізгі доминант болып табылады, одан төрт бағытта үш айналма жолмен бір құрылымға біріктірілген негізгі жалпы қалалық магистральдар өтеді. Магистральдық аумақтардың құрылысы микроаудандар мен тұрғын аудандардың тікбұрышты жүйесі. Негізгі жаңа құрылысты батыс, шығыс және ішінара солтүстік бағыттардағы жаңа көлік сақиналары арасында жүргізу ұсынылады. Осы кірме магистральдардың бойында тұрғын аудандардың тарихи орталығымен және перифериямен өзара байланысты қала құрылысы тораптарының жүйесін құру ұсынылады.

Ақтөбенің орталық аудандарының орналасуы мен дамуы, қалалық көше-жол желісі мен аула аумақтары негізінен социалистік нормалар бойынша қалыптасқан. Қазір қаланың барлық қиылыстары салынып үлгерді және оларды қайта құру кезінде қолданыстағы инженерлік коммуникацияларды ауыстыру бойынша үлкен көлемдегі жұмыстардың қажеттілігі туындайды. Ойластырылмаған қайта құрудың негізінде қала құрылысының кейбір жаңа аудандарында 2,0-ге жуық жанама коэффициентті көлік байланыстары бар. Қазір қалада жол кептелісін азайтуға бағытталған жобалар жүзеге асырылуда. Жобаны іске асырудың негізінде қолданыстағы көпірлер мен жол өтпелеріне жүктеме екі еседен астам төмендеуі мүмкін, сондай-ақ қала орталығын жеке және жүк көлігімен айналып өту кезінде қалалық аудандардың өзара көлік байланысы жақсарады. Сонымен қатар, аталған инфрақұрылымдық жобаның кейбір элементтерін іске асыруда белгілі бір қиындықтар туындайды.

Соңғы жылдардағы басты мәселелердің бірі – жеке автомобиль көлігін пайдаланушылар санының айтарлықтай өсуі. Ақтөбе қаласы бойынша шамамен 90 000-нан астам жеке автокөлік бар. Социализм кезінде қалалардың бас жос-

парлары 1000 тұрғынға шаққанда 50 (150) жеке машиналар нормасы бойынша әзірленді. Қазір қалада автокөлік саны көп. Қаланың автотұрақтарға деген қажеттілігі тек 30% қанағаттандырылған. Ақтөбе қаласындағы автотұрақ тапшылығы қазір өткір мәселелердің бірі. Қалалардың тұрақты дамуы тұрғысынан жағымсыз үрдістердің бірі – жеке автомобиль көлігін пайдаланушылар санының өсуі. Бұл ретте халық арасында жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері қала тұрғындарының көпшілігінің бензинмен немесе дизель отынымен, газбен жұмыс істейтін жеке автокөліктен бас тартуға және неғұрлым экологиялық таза жүріп-тұру құралдарын пайдалануға көшуге құлықсыздығын көрсетеді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде қаладағы көлік жүйелерінің жұмысы және олардың дамуының тұрақтылығын арттыру мәселелері туралы бірқатар тұжырымдар жасауға болады. Тұтастай алғанда, 2018-2023 жылдар кезеңінде Ақтөбе қаласында жергілікті маңызы бар жолдардың ұзындығы мен жол жабынының сапасын жақсарту көрсеткіштері өсті. Ақтөбе қаласы бойынша көше-жол желісінің қазіргі ұзындығы 528,7 км құрайды, оның ішінде: жүрдек қозғалыс жолдары – 39,3 км, жалпықалалық маңызы бар магистральдық көшелер – 101 км, аудандық маңызы бар магистральдық көшелер – 75,1 км, жергілікті маңызы бар көшелер мен жолдар – 257,46 км. көше-жол желісінің қолданыстағы тығыздығы 2,9 км/км² құрайды. Қалада автомобиль жолдарының, темір жолдардың автожолдармен және өзендермен қиылысында қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін 70 жасанды құрылыс жұмыс істейді. Оның ішінде теміржол көпірлері – 8 бірлік, автожол көпірлері – 41 бірлік, жаяу жүргіншілер көпірі – 1 бірлік, теміржол өткелдері – 2 бірлік, көлік жол айрығы – 6 бірлік, эстакадалар – 7 бірлік, жер үсті жаяу жүргіншілер өткелдері – 5 бірлік (Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы деректері, 2023).

Қала тұрғындарының сауалнамаларына сүйене отырып, тротуарлар мен жолдардың нашар жағдайы, қала аудандарындағы көлік байланысының жеткіліксіздігі төмендеді деп айтуға болады. 2023 жылы тұрғындардың жартысынан көбі қоғамдық көліктің қызмет көрсету деңгейіне жартылай қанағаттанды. Қалада автобус ең танымал көлік түрі болып қала береді. Қала

тұрғындарының қоғамдық көліктің жұмысына, атап айтқанда оның техникалық жабдықтауына, маршруттар санына, қозғалыс жиілігіне және жолаушыларға қызмет көрсетуге қанағаттану деңгейін арттыру оң үрдіс болып табылады. Мұндай оң динамика көбінесе қалалардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоғамдық көлік жүйелерінің жұмысын жақсарту бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыруына байланысты.

Қорыта келгенде, қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін төмендетуді қамтамасыз ететін көлік құралдары мен көлік инфрақұрылымы объектілерін жаңғырту; экологиялық таза отын түрлерін пайдаланатын көлік құралдарының санын ұлғайту; ақылды қалалық көлік технологияларын енгізу және дамыту, велосипедтер мен скутерлерді бірлесіп пайдалану жүйелерін құру және танымал ету жөніндегі жобаларды іске асыру жоспарлану керек. 2023 жылдан бастап жазғы кезеңде қалада электр скутерлер мен самокаттар саны көбейді. Қаладағы экологиялық

жағдайды жақсарту мақсатында электромобильдер, велосипед, скутерлер, самокаттар санын көбейту қолға алыну қажет.

Сонымен қатар, қалада да жергілікті өзін-өзі басқару органдары жүзеге асыратын саясатта қалалық көлік жүйелерінің тұрақты даму траекториясына көшу векторы байқалмайды. Ақтөбе қаласының стратегиялық даму құжаттарында қоғамдық көліктің жұмысын жақсартуға, сондай-ақ экологиялық қауіпсіз көліктің үлесін арттыруға және велосипед көлігі үшін ғана инфрақұрылымды дамытуға назар аударылған. Бірақ веложүргіншілерге жасалған жолақтар қаланың әр аумағында түрліше сипатта.

Ақтөбе қаласының жылдан-жылға өсіп келе жатқандығын ескерсек, қаланың экологиялық жағдайын жақсарту, қала тұрғындарына қолайлы көліктік-инфрақұрылымдық жағдай жасауда халық пен қалалық қоғамдық көліктің өзара әрекеттесуін географиялық зерттеудің негізгі бағыттарын анықтау және талдау жүргізу маңызды.

Әдебиеттер

Абилов А.Ж., Кусаинова Г.К., Махрова А.Г. Социологические исследования при анализе формирования городских агломераций Казахстана (на примере Астаны). Вестник Московского университета. Серия 5. География. – 2017. – № 4. – С. 75-83.

Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы деректері

Ақтөбе агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 наурыздағы № 109 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000109> (қарау күні 26.08.2023)

Ақтөбе қаласының 2016-2020 жылдарға арналған Аумақтық дамыту бағдарламасы. <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-akt/documents/details/117957?lang=ru> (қарау күні 25.07.2023)

Ақтөбе қаласының 2021-2025 жылдарға арналған Аумақтық дамыту бағдарламасы. <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-akt/documents/details/117957?lang=ru> (қарау күні 27.08.2023)

Волкова И.Н., Крылов П.М., Евдокимов М.Ю. Проблемы и перспективы территориальной организации и территориального планирования региональной транспортной системы (на примере Свердловской области) // Вестник Удмуртского университета. Серия «Биология. Науки о Земле». – 2022. – Т. 32. – № 2. – С. 192-204.

Gössling S. Urban transport justice // *Journal of transport Geography*. – 2016. – Vol. 7. – Т. 54. – P. 1-9. <https://doi.org/10.1016/j.jtrangeo.2016.05.002>

Zhao P., Hu H. Geographical patterns of traffic congestion in growing megacities: Big data analytics from Beijing // *Cities*. – 2019. – Т. 92. – P. 164-174. <https://doi.org/10.1016/j.cities.2019.03.022>

Кенеспаева Л.Б., Рафиков Т.К., Карменова Н.Н., Мусагалиева А.Н. Проблемы и перспективы развития транспортной инфраструктуры города Алматы // Вестник ВГУ. Серия: География. Геоэкология. – 2023. – № 1. – С. 44-53.

Kraft S., Blažek V., Marada M. Exploring the daily mobility rhythms in an urban environment: Using the data from intelligent transport systems // *Geografie*. – 2022. – Vol. 127. – № 2. – P. 127-144. <https://doi.org/10.37040/geografie.2022.004>

Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000725> (қарау күні 27.09.2023)

Lovelace R. Open source tools for geographic analysis in transport planning // *Journal of Geographical Systems*. – 2021. – Vol. 23 – P. 547-578. <https://doi.org/10.1007/s10109-020-00342-2>

Малышева Е. В. Анализ комфортности транспортной системы города Самары // Градостроительство и архитектура. – 2020. – Т. 10. – №4. – С. 157-164.

Молжадаров А.С., Базарбекова М.М. Основные аспекты и проблемы автомобильного транспорта города Алматы // Вестник Казахской академии транспорта и коммуникаций им. М. Тынышпаева. – 2017. – №1. – С. 82-89.

Рамазан Б., Нохатов М. Көше-жол торабын босатуда көлік ағындарын өткізу сипаттамасы // ҚазККА хабаршысы. – 2023. – Т. 124. – №1. – С. 136-142.

Rasca S., Saeed N. Exploring the factors influencing the use of public transport by commuters living in networks of small cities and towns // *Travel Behaviour and Society*. – 2022. – Vol. 28. – P. 249-263. <https://doi.org/10.1016/j.tbs.2022.03.007>

Секушина И.А., Пахнина С.Ю. Тенденции и проблемы развития транспортных систем крупных городов Вологодской области // *Проблемы развития территории*. – 2023. – Т. 27. – № 1. – С. 27-46.

Сидоров В.П., Ситников П.Ю. Географический анализ дорожного движения и парковочного пространства в крупном городе (на примере г. Ижевска) // *Вестник Удмуртского университета. Серия «Биология. Науки о Земле»*. – 2021. – Т. 31. – №4. – С. 474-483.

Сорокина Т. Е. Транспортный комплекс города Астаны // *Вопросы географии и геоэкологии*. – 2014. – №3. – С. 3-9.

Śleszyński P., Olszewski P., Dybicz T., Goch K., Niedzielski M. The ideal isochrone: Assessing the efficiency of transport systems // *Research in Transportation Business & Management*. – 2023. – Т. 46. – P. 100779. <https://doi.org/10.1016/j.rtbm.2021.100779>

Сао В., Шахраки А. А. Planning of Transportation Infrastructure Networks for Sustainable Development with Case Studies in Chahabar // *Sustainability*. – 2023. – Т. 15. – №6. – p. 5154. <https://doi.org/10.3390/su15065154>

Уткин А. А. Методика изучения территориальной организации общественного транспорта в крупном городе // *Вестник Воронежского государственного университета. Серия: География. Геоэкология*. – 2008. – №1. – С. 43-49.

Javanmard R., Lee J., Kim J., Liu L., Diab E. The impacts of the modifiable areal unit problem (MAUP) on social equity analysis of public transit reliability // *Journal of Transport Geography*. – 2023. – Т. 106. – P. 103500. <https://doi.org/10.1016/j.jtrangeo.2022.103500>

Yannis G., Chaziris A. Transport system and infrastructure // *Transportation research procedia*. – 2022. – Vol. 60. – P. 6-11. <https://doi.org/10.1016/j.trpro.2021.12.002>

References

Abilov A.Zh., Kusainova G.K., Makhrova A.G. (2017). Socziologicheskie issledovaniya pri analize formirovaniya gorodskikh aglomeracij Kazakhstana (na primere Astany). *Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 5. Geografiya*. № 4, P. 75-83.

Aqtobe obly'sy'ny'n zholaushy'lar koli'gi' zhəne avtomobil' zholdary' basqarmasy' derekteri'

Aqtobe aglomeraciyasyn aumaqtyq damytudyn onirarlyq skemasyn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Okimetin 2018 zhylygy 3 nauryzdagy № 109 qaulysy. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000109> (Date of review 26.08.2023)

Aqtobe qalasy'ny'n 2016-2020 zhy'ldarga arналган Aumaqty'q damy'tu bagdarlamasy' [Territorial Development Program of Aktobe for 2016-2020] <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-akt/documents/details/117957?lang=ru> (Date of review 25.07.2023)

Aqtobe qalasy'ny'n 2021-2025 zhy'ldarga arналган Aumaqty'q damy'tu bagdarlamasy' [Territorial Development Program of Aktobe for 2021-2025] <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-akt/documents/details/117957?lang=ru> (Date of review 27.08.2023)

Volkova I.N., Krylov P.M., Evdokimov M.Yu. (2022). Problemy i perspektivy territorial'noj organizacii i territorial'nogo planirovaniya regional'noj transportnoj sistemy (na primere Sverdlovskoj oblasti). *Vestnik Udmurtskogo universiteta. Seriya «Biologiya. Nauki o Zemle»*. Т. 32, № 2, P. 192-204.

Gössling S. (2016). Urban transport justice. *Journal of Transport Geography*. Vol. 7, T. 54, P. 1-9. <https://doi.org/10.1016/j.jtrangeo.2016.05.002>

Zhao P., Hu H. (2019). Geographical patterns of traffic congestion in growing megacities: Big data analytics from Beijing. *Cities*. Т. 92, P. 164-174. <https://doi.org/10.1016/j.cities.2019.03.022>

Kenespaeva L.B., Rafikov T.K., Karmenova N.N., Musagalieva A.N. (2023). Problemy i perspektivy razvitiya transportnoj infrastruktury goroda Almaty // *Vestnik VGU. Seriya: Geografiya. Geoekologiya*. № 1, P. 44-53.

Kraft S., Blažek V., Marada M. (2022). Exploring the daily mobility rhythms in an urban environment: Using the data from intelligent transport systems. *Geografie*. Vol. 127, № 2, P. 127-144. <https://doi.org/10.37040/geografie.2022.004>

Qazaqstan Respublikasy kolik zhyjesinin infraqyrylymyn damytudyn zhane yqpaldastyrudyn 2020 zhylyga dejingi memlekettik bagdarlamasy zhane “Memlekettik bagdarlamalar tizbesin bekitu turaly” Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2010 zhylygy 19 nauryzdagy № 957 Zharlyғы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000725> (qarau kyni 27.09.2023)

Lovelace R. (2021). Open source tools for geographic analysis in transport planning. *Journal of Geographical Systems*. Vol. 23, P. 547-578. <https://doi.org/10.1007/s10109-020-00342-2>

Malysheva E. V. (2020). Analiz komfortnosti transportnoj sistemy goroda Samary. *Gradostroitel'stvo i arhitektura*. Т. 10, №4, P. 157-164.

Molgazhdarov A.S., Bazarbekova M.M. (2017). Osnovnye aspekty i problemy avtomobil'nogo transporta goroda Almaty. *Vestnik Kazahskoj akademii transporta i kommunikacij im. M. Tynyspaeva*. №1, P. 82-89.

Ramazan B., Nohatov M. (2023). Kəshe-zhol torabyn bosatuda kelik aryndaryn otkizu sipattamasy. *QazKKA habarshysy*. Т. 124, №1, P. 136-142.

Rasca S., Saeed N. (2022). Exploring the factors influencing the use of public transport by commuters living in networks of small cities and towns. *Travel Behaviour and Society*. Vol. 28, P. 249-263. <https://doi.org/10.1016/j.tbs.2022.03.007>

Sekushina I.A., Pahnina S.Yu. (2023). Tendencii i problemy razvitiya transportnyh sistem krupnyh gorodov Vologodskoj oblasti. *Problemy razvitiya territorii*. Т. 27, № 1, P. 27-46.

Sidorov V.P., Sitnikov P.Yu. (2021). Geograficheskij analiz dorozhnogo dvizheniya i parkovochnogo prostranstva v krupnom gorode (na primere g. Izhevsk). *Vestnik Udmurtskogo universiteta. Seriya «Biologiya. Nauki o Zemle»*. Т. 31, № 4, P. 474-483.

Sorokina T. E. (2014). Transportnyj kompleks goroda Astany. Voprosy geografii i geoekologii. №3, P. 3-9.

Śleszyński P., Olszewski P., Dybicz T., Goch K., Niedzielski M. (2023). The ideal isochrone: Assessing the efficiency of transport systems. *Research in Transportation Business & Management*. T. 46, P. 100779. <https://doi.org/10.1016/j.rtbm.2021.100779>

Cao B., Shahraki A. A. (2023). Planning of Transportation Infrastructure Networks for Sustainable Development with Case Studies in Chabahar. *Sustainability*. T. 15, № 6, P. 5154. <https://doi.org/10.3390/su15065154>

Utkin A. A. (2008). Metodika izucheniya territorial'noj organizacii obshchestvennogo transporta v krupnom gorode. *Vestnik Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Geografiya. Geoekologiya*. №1, P. 43-49.

Javanmard R., Lee J., Kim J., Liu L., Diab E. (2023). The impacts of the modifiable areal unit problem (MAUP) on social equity analysis of public transit reliability. *Journal of Transport Geography*. T. 106, P. 103500. <https://doi.org/10.1016/j.jtrangeo.2022.103500>

Yannis G., Chaziris A. (2022). Transport system and infrastructure. *Transportation research procedia*. Vol. 60, P. 6-11. <https://doi.org/10.1016/j.tpro.2021.12.002>